

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

4. Головоненко Д.В., Кудашкин В.А. Студенческие строительные отряды как инструмент молодежной политики в районе нового освоения (на материалах Иркутской области и Бурятии) // Вестн. Поморского университета. 2010. № 3. С. 7
5. Нехаев В.В. Государственная служба по делам молодежи: возникновение, структура, направления деятельности. М., 1995. С. 20
6. Ищенко Н.П. Социальное становление советской молодежи. - К., 1992;
7. Криворученко В.К. Взаимоотношения партии и комсомола: история и современность. - М., 1990;
8. Дейнека А., Кононенко Л. Славный путь ленинского комсомола. Выпуск 7 Комсомол в борьбе за восстановление народного хозяйства и дальнейшее развитие социалистического общества (1946-1961 гг.) // <http://www.staroradio.ru/audio/16808>
9. Садиков Т.С. XXIII КПСС и коммунистическое воспитание трудящихся. - Алма-Ата, 1983;
10. Короленко В.Н. Рабочая смена. - Алма-Ата, 1969;
11. Зайниева Л.Ю. Государственная молодежная политика: Казахстан в контексте мирового опыта. – Алматы: Дайк-пресс, 2006
12. Закирьянов К.З., Мусин Ч.Г., Ленинские принципы руководства комсомолом в действии. - Алма-Ата, 1974;
13. Курамысов О.А. Роль профсоюзов в определении и реализации молодежной политики в условиях рыночной экономики // Материалы международной научно-практической конференции. - М., 1992.

УДК 961/959 (5Каз)

СОҒЫС ТЫЛЫНДАҒЫ БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ЖАНКЕШТІ ЕҢБЕГІ

Орманбет Ерасыл

yerrasy198@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ тарих факультетінің студенті

Ғылыми жетекші: Г.Б. Сугралимова

Ұлы Отан соғысы кезіндегі Қазақстанның халық шаруашылығы майданның аса маңызды әрі қуатты тірегіне айналғаны баршаға мәлім. Майдан мен тылдың ерен жетістіктерінің оңайлықпен келмегенін, оның сыртында қаншама адамдардың жанкешті еңбегі тұрғанын естен шығармау керек. Кеңес Одағының батысынан Қазақстан жеріне 142 кәсіпорын көшірілді. Сонымен қатар, соғыстың алғашқы жылдарында елде 25 рудник, 11 металлургиялық кен байыту фабрикасы, 19 көмір шахтасы, 3 кеніш, 4 жаңа мұнай өңдеу заводтары іске қосылды. Соғыс жылдары Қазақстан Одақтағы стратегиялық шикізат - мыс қорытпасының 30 пайызын, марганецтің 60 пайызын, мыс рудасының 50 пайызын, қорғасынның 85 пайызын өндіргені мәлім [1].

Соғыс басталған 1941 жылы республикадағы барлығы 6 425 мың халықтың 1 200 000-дай ер азаматы майданға аттанып, елдің еңбек ресурстарын ойсыратып жіберді. Ер адамдардың жаппай соғысқа кетуі еңбек күштерінің жетіспеушілігін туғызды. Сол себепті заводтарда әйелдермен қатар жас балаларда еңбек етті. Өндіріс саласындағы әйелдердің үлесі 50 пайызды құраса, ал балалар мен жасөспірімдердің үлесі 35-40 пайызға жетті.

Кеңес Одағының экономикасы соғыс жағдайына көшіп, жаппай еңбек міндеткерлігі туралы заң қабылданды. Сол заң бойынша 11 сағаттық жұмыс уақыты мен 6 күндік жұмыс аптасы тағайындалып, кезекті қосымша демалысқа тиым салынды. Әскери кәсіпорын

жұмысшылары жұмыстан ерте кеткені үшін дезертир ретінде 5-8 жылға сотталатын болды. Еңбек міндеткерлігінен безінген адам 6 айлық еңбекпен түзету жұмыстарына тартылатын. Осындай әскери тәртіпке сүйенген еңбек майданының қайнаған ортасында 10-15 жастағы ойын балалары да жүріп, аналарымен бірге жұмысқа жегілді.

Тылдағы стратегиялық маңызды өнеркәсіп орындарының үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету мақсатында Кеңес үкіметі Жоғары Кеңесінің Президиумы 1941 жылдың 2 қазанында арнайы үкім шығарды. Сол құжаттан үзінді келтірелік:

7. «КСРО-ның Халық Комиссарлар Кеңесі жыл сайын 800 мыңнан 1 млн-ға дейін 14-15 жастағы еркек жынысты қала мен колхоз жастарын колөнер, теміржол училищелеріне, 16-17 жастағы жастарды фабрика-зауыттық мектептерде оқуға тартуға құқылы.

10. Қолөнер, теміржол училищелерін, фабрика-зауыттық мектептерді бітірген түлектердің бәрі әскери міндетті деп саналып, КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі жанындағы еңбек ресурстары Бас басқармасының нұсқауымен жалпыға бірдей жалақымен қамтамасыз етіліп, 4 жыл бойы мемлекеттік кәсіпорындарда жұмыс істеуге міндетті" [2].

Соғыс жағдайындағы еңбек резервтерін даярлау жүйесінде басталған қайта құрулар жұмысшы кадрларын тез әрі көп мөлшерде даярлау, оларды оқыту мерзімін қысқартып, тезірек әскери өндіріске тартуға бағытталды. 1940-1941 жылдары Қазақстан бойынша 6 айлық оқу мерзіміндегі 22 кәсіби ФЗО мектептері ашылса, оның 8-і тау-кен ісі бойынша мамандар даярлап, 1361 адам оқытты. Осы мақсатта оқу бағдарламасы мен оқыту әдістерін өзгертуге тура келді. ФЗО мектептерінде оқыту мерзімі 4-5 айға, ал училищелерде 1-жылға қысқартылды.

Елдегі жастарды жұмысқа тарту науқаны бастапқыда стихиялы түрде болды, басшы органдар тарапынан дұрыс ұйымдастырылмағаны белгілі болды. Оған мысал: 1942 жылдың 23 қарашасында Алматыдан темір жолмен 506 адамнан құралған жастардың эшелоны келеді. Медициналық байқаудан кейін көмір өндірісіне лайықты деп 361 адамды ғана қалдырды, қалғандары жарамсыз деп танылды. Сонда мемлекеттік маңызды іске жергілікті басшылардың жауапсыздықпен қарауы салдарынан қаншама қаржы, уақыт зая кеткенін көруге болады.

1941 жылдың соңында Қазақстанда 35 колөнер, темір жол училищелері мен фабрика-зауыттық оқыту мектептерімен қатар, эвакуацияланған 15 колөнер училищесі мен 3500 адамдық 10 ФЗО мектебі болды. 1941-1943 жылдары ФЗО жүйесі 67549 жұмысшы кадрларын даярлады. Барлығы соғыс жылдары 165 мамандық бойынша 102,5 мың жас жұмысшылар арнайы даярлықтан өтті [3]. Еңбек резервтері жүйесіндегі оқу мекемелерінің тәрбиеленушілері соғыс жылдары тыл еңбекшілерінің ерлігін еселеп, өз үлестерін барынша қосқанын айта кету керек. Жас жұмысшылар тек қана базалық кәсіпорындар тапсырысы бойынша жалпы сомасы 90 млн. сомды құрайтын әр түрлі өнімді шығарса, оның 11 млн. сомасы қорғаныс саласы үшін болды. Қазақстандағы ФЗО-дың курсанттары соғыс жылдары 300 мың тонна көмір, 3246 текше метр тау-кен жыныстарын бұрғылап қазып, тиеді. Өндіріске енді кірісіп, еңбекке машықтанып жүрген жасөспірімдерді жоғары билік тарапынан қолпаштау, марапаттау рәсімдері қарастырылды.

"Зауытқа жаңадан алынған жұмысшыларға сыйақы беру туралы" 02.12.1944 ж. N 433 бұйрықтан үзіндіде: "Жұмысқа жаңадан келген жастар стахановшылардан үлгі алуда. Сменалық-сөткелік тапсырманы үнемі 120-150 пайызға артық орындаған жастардың еңбек кітапшаларына алғыс жарияланып, сыйлықтар берілсін (бір пар пима мен бір банка консервленген жеміс)», - делінген [4].

Көмір бассейні өндірісіндегі жұмысшылардың жас шамасы да едәуір өзгеріске ұшырады. Кәсіпорынның ең ауыр, шешуші учаскелерінде 11 мың шамалас жас жұмысшылар аянбай еңбек етті. Ауыр өндіріс үшін жас кадрларды даярлауда комсомолдың ролі жоғары болғаны мәлім.

Соғыс жылдары тылда аянбай еңбек еткен жас балалардың естеліктері қазіргі жастар үшін үлгі-өнеге болары анық. Еңбек ардагері Виталий Энголий өз естеліктерінде «Соғыс

басталғанда мен он жасар бала едім. Әкем соғысқа кеткен соң мен оқуымды тастап Махачкаладан көшіріп әкелінген №182 заводтың базасында құрылған Киров атындағы машина заводына жұмысқа тұрдым. Станокқа бойымыз жетпеген соң астымызға орындық қойып жұмыс істедім. Он жасар балаға заводтағы жұмыс ауыр болды», - деп соғыстың ауыр жылдарын еске алады.

Тылдағы еңбектің тағы бір куәгері Шолпан Айтекова соғыс басталғанда небәрі сегіз жаста екен. «Мен үйде төрт баланың ішіндегі ең үлкені едім, сол себепті анам мені карточкамен азық-түлік алуға жіберетін. Бірде менің карточкамды өзімнен үлкен балалар алып қашып кетті, оларды қуып жете алмадым. Амалсыздан үйге келіп анама не болғаның айтып бердім. Осыны естіген көршілеріміз бізге күнде азық-түлік беріп отырды, соның арқасында біз он күн өмір сүрдік. Ол кезде адамдардың ауызбіршілігі жақсы еді, әрдайым бір-біріне көмектесіп тұратын», - деп Шолпан апай соғыс кезіндегі өмірін еске алды[5].

Сонымен қорыта айтқанда, соғыс жылдары еңбек кадрларын қалыптастырудың өзіндік ерекшеліктері болғанын көреміз.

Біріншіден, республиканың ауыр өнеркәсіп өндірісіндегі кәсіби мамандардың 80 пайызы майданға жөнелтіліп, жұмыс күшімен қамтамасыз ету мәселесі шұғыл шешуді талап етті;

Екіншіден, еңбек кадрлары ауыл-село жастары мен жасөспірімдері есебінен толықтырылып отырды;

Үшіншіден, жұмысшылар кадрлары көп балалы отбасылар есебінен толықтырылды (соғысқа кеткен әкенің жұмыс орнына -баласы, күйеуінің орнына - әйелі тұрды);

Төртіншіден, стратегиялық шикізат өндіретін кәсіпорындардағы жұмысқа үй шаруасындағы әйелдер, зейнеткер жасындағы қариялар мен мектеп жасындағы балалар да тартылды;

Бесіншіден, ауыр өндірістегі еңбек ресурстарының кем-кетігін депортацияға ұшыраған халықтар, әскери тұтқындар мен түрмеде отырған қылмыскерлер толтырды.

Соғыс бүкіл елді аяғынан тік тұрғызды. Елде қалған әйелдер мен балалар, кемпір - шалдар екінші майданда жүргендей болды. Олар майданға кеткен арыстарының орнына тұрып, жұмысшы мамандықтарын игеруге құлшына кірісті. 10-11 сағат зауыт-фабрикаларда ауыр жұмыс істеп келгесін тыл еңбеккерлері жауынгерлерге арнап бума-бума посылка даярлайтын. «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін» деген ұранмен ішіне жылы киім-кешек, азық-түлік, темекі, тәтті тағамдар, тоқылған жүн шұлықтар, т.б. салынған жәшік-жәшік посылкалар жіберетін. Мысалы, 1943ж. ВЛКСМ-ның 25 жылдығы қарсаңында Павлодар облысының жастары майданға 2160 жәшік жылы киім жөнелткен[6]. Сол сәлемдемелердің ішіне салынған жалынды хаттар жауынгерлердің рухын көтеріп, жауға қарсы аянбай соғысуға шақыратын. Қан майданда жүрген солдаттарға халықтың тірнектеп жинаған посылкаларын аудан, облыс орталығына, темір жол станциясына жеткізу құрметі де жас балалардың мойнында болатын.

Әсіресе жасөспірімдердің болашағын қамтамасыз етудегі ФЗО жүйесінің ролі зор болды, ол кәсіби дайындық берумен қатар өндіріске орналастырды, колхозға жұмысқа жіберді. Жетім балаларды балалар үйінен тыс отбасында тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлінді.

Жоғарыда айтылған қиын-қыстау кезінде туындайтын қиыншылықтарға қарамастан, тылдағы еңбекшілердің еңбек өнімділігі жоғары болғандығын айтып кету керек. Оның объективті себептері қатарында сталиндік тоталитарлық тәртіп, елдің соғыс жағдайына көшуі десек те, қарапайым адамдардың жеңіс үшін жанкештілік еңбегін, бұқаралық энтузиазм, патриотизм сезімінің жоғары болғандығын ерекше айшықтау қажет.

Қолданылған әдебиет:

1. Артыкбаев Ж. О. Қазақстан тарихы: жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқулық .-Астана:Фолиант, 2013,356 б.

2. Новейшая история Казахстана. Сборник документов и материалов. В 2-томах. - Алматы: Санат, 1998.304с.
3. Рыспекова Б.Т. Решение проблемы обеспечения угольной промышленности рабочими кадрами и изменения в их количественном и качественном составе //Вестник ЕНУ, 2004, №4, с.48-61.
4. Павлодар облысының мемлекеттік мұражайы. 646 қор, 1тізбе, 245іс,73-75бб.
5. 646қор, 1тізбе, 176іс, 102-108бб.
6. Боздақтар. Павлодар облысы /бас редактор Р. Нұрғалиев- Алматы: «Қазақ энциклопедиясы». Бас редакция.-1994. 507б.
7. Дело № летопись горького времени: Повести, рассказы, статьи, очерки и стихи- Алма-Ата: Жазушы,1989. - 432с.

УДК 961/959 (5Каз)

ИСЛАМ ВО ВРЕМЯ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ

Рустемова Айнура Сунгатовна

ainura-26@mail.ru

студент Евразийского национального университета имени

Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – З.Т. Садвокасова

*В вопросах религии необходимы вдумчивый
подход и крайняя осторожность. Государство
не должно вмешиваться во внутренние дела
религиозных общин. Мы должны свято при-
держиваться принципа свободы совести, тра-
диции толерантности и веротерпимости.*

Нурсултан Назарбаев

Отвечая на вопрос, почему люди верят в бога, невозможно не обратить внимания на роль религии в жизни человека, так как именно вера в высшие силы часто дает людям недостающее душевное тепло, надежду на лучшее и смысл в жизни. В каждом человеке есть не только физиологические и социальные, но и духовные потребности, такие как самореализация, поиск своего места в жизни и поиск смысла жизни, и именно вера в существование высших сил и ангелов-хранителей часто помогает людям найти способы удовлетворения своих духовных потребностей.

В течение семидесяти лет религия была преследуема командно- административной системой Советской власти, впоследствии притеснения она чуть не утратила почву, а ее история чуть не стерлась в людской памяти. Советская власть оглашая право на свободу совести и вероисповедания, вела политику бескомпромиссного преследования религии среди граждан. Большевики прибрав власть к рукам, и руководствуясь лозунгом «Коммунистическая идея и религия не совместимы», решение проблемы видели в «чистке» государства от религиозных глав и приступили к ее реализации. В этой борьбе они продемонстрировали чрезмерное варварство, открытым образом пренебрегали все нормы морали и права.

Признавая исламскую религию главным препятствием на пути внедрения своей идеологии в казахские аулы, большевистская партия под предлогом старых традиций приступила к ее ликвидации в короткие сроки. При этом у них не было других методов борьбы, кроме метода насилия, потому что все их идеи были лишь неосуществимой